

16 тамыз 2016 жыл

Банк ВТБ (Қазақстанның) Директорлар кеңесі банктің жаңа даму стратегиясына көшу жоспарын талқылады

2016 жылғы 10 тамызда банктің құрылымдық бөлімшелерінің басқарушылары қатысқан, Банк ВТБ (Қазақстанның) Директорлар Кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Отырыс ВТБ-ның Қазақстандағы еншілес банкісімен, жаңа үш жылға арналған даму стратегиясын қабылдау қарсаңында өтті.

Кеңесте банкпен 2016 жылғы бірінші жарты жылдығында атқарылған жұмыстардың нәтижелері талқыланды. Сонымен қатар, бірінші жарты жылдығында филиалдар желісі қызметінің қорытындысы және оның негізгі даму бағыттары бөлек қарастырылды.

Бұл жылы жарты жалдықты қорытындылау аса ерешке сипатта қаралады, өйткені бұл нәтижелер алдағы 3 жылға стратегиялық жоспар құру үшін бастапқы қадам болып есептеледі. Бүгінгі күні Банк ВТБ (Қазақстан) банк дамуының және клиенттермен өзара қарым-қатынастың жаңа кезеңіне енгізуге итермелейтін бизнесті жүргізу амалдарының маңызды жүйелік және құрылымдық өзгертулер жүргізу үдерісінде орналасқан. Директорлар Кеңесі отырысының қорытындысы бойынша өсудің, атап айтқанда, кредиттік қоржынды белсенді үлкейту бөлігінде жаңа көздер анықталды.

ВТБ-ның Қазақстандағы бизнесінің негізгі бағыттарының бірі елдің экономикасын дамытуда ерекше рөлді атқаратын шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау болып табылады. Бұл бағытта жоғарғы тиімділікке банктің мемлекеттік бағдарламада қатысуы арқылы қол жеткізуге болады. Банк шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-пен 2011 жылдан бастап жемісті қызмет істеп келе жатыр. Сонымен қатар, Банк ВТБ (Қазақстан) БЖЗҚ-ның есебінен ШОБ-қа жеңілдікті кредиттеуді ұсынады. Бұл бағдарламаның шеңберінде ақырғы қарыз алушы келесі артықшылықтарға ие болады: кредитті төмендетілген мөлшерлеме арқылы алу және қарыздар бойынша сыйақыны мемлекеттік қаражаттандыру мүмкіндігін алу.

Банк ВТБ (Қазақстанның) кейінгі даму жоспары банктің зияткерлік мүмкіндігін және республиканың барлық аумақтарын қамтыған банктің филиалдар желісінің техникалық мүмкіндігін пайдалануға байланысты. ВТБ-ның Қазақстандағы еншілес банкінің жаңа үш жылға арналған даму стратегиясы 2016 жылдың соңына дейін қабылданады.

Анықтама:

Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ – халықаралық ВТБ қаржы тобына кіреді. Банк Қазақстанның қаржы нарығында 7 жылдан астам уақыт бойы табысты жұмыс істеп келе жатыр және Қазақстандағы барлық ЕДБ арасында активтерінің көлемі бойынша – 21 орында орналасқан. Бүгінгі күні Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ 37 құрылымдық бөлімшеден тұратын, олардың арасынан 17 – филиал болып табылатын, филиалдар желісіне ие. Банктің орталық офисі Алматы қаласында орналасқан. ҚР Ұлттық Банкі 2014 жылғы 23 желтоқсанда берген лицензиясы №1.2.14/39

Қосымша түсініктеме алу үшін баспасөз-қызметіне жолықсаңыз болады:

Арина Пирогова

Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ

Тел: 8 (727) 330 59 20 ішкі 59 20

e-mail: A.Pirogova@vtb-bank.kz

web: www.vtb-bank.kz

Facebook: [BankVtbKazakhstan](https://www.facebook.com/BankVtbKazakhstan)